

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

Мұрын қуысын шаю үшін балаларға арналған 15 мл «Аквалор® беби» заты

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Мұрын қуысын шаю үшін балаларға арналған 15 мл «Аквалор® беби» заты бұралатын пластик қақпақшамен тығыз тұмшаланып жабылған пластикті тамшылатқыш құты болып табылады. Тамшылатқыш құтының ішіндегісі – теңіз суының NaCl изотониялық концентрациясы бар стерильді ерітіндісі болып табылатын әлсіз тұзды дәмі бар иіссіз мөлдір түссіз сұйықтық (100 мл құрамында 30-33 мл табиғи теңіз суы бар).

Құрамында консерванттар жоқ. Дәрілік зат болып табылмайды.

Мұрын қуысын шаю үшін балаларға арналған «Аквалор® беби» заты туған сәтінен бастап балаларға арналған.

Техникалық және функционалдық сипаттамалары:

Параметрінің атауы	Сипаттамасы
Бұйымның сипаттамасы мен құрылғысы	Бұралатын пластик қақпақшамен тығыз тұмшаланып жабылған пластикті тамшылатқыш құты.
Толтырылу көлемі	15 мл
Ішіндегісінің сипаттамасы	Теңіз суының NaCl изотониялық концентрациясы бар стерильді ерітіндісі болып табылатын әлсіз тұзды дәмі бар иіссіз мөлдір түссіз сұйықтық (100 мл құрамында 30-33 мл табиғи теңіз суы бар)
Ішіндегісінің құрамы	табиғи теңіз суы, тазартылған су
pH	6,0 - 8,5
NaCl құрамы	8 - 11 г/л
Сақтау шарттары	Құрғақ және тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде, 5 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек. Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Өндіруші ұйымның атауы және (немесе) тауарлық белгісі

Аквалор® «Нижфарм» АҚ, Ресей тіркелген тауарлық белгісі болып табылады

Қолданылу саласы

Мұрын қуысын шаю үшін балаларға арналған «Аквалор® беби» заты мұрын қуысының, мұрын маңы қойнауларының және мұрын-жұтқыншақтың жедел

және созылмалы (инфекциялық, аллергиялық, атрофиялық) қабыну ауруларының, мұрын қуысы мен мұрын маңы қойнауларының хирургиялық араласудан кейінгі жай-күйінің алдын алу мен кешенді емдеу үшін, суық тию ауруларының өршу кезеңінде, сондай-ақ мұрын мен мұрын-жұтқыншақ қуысының күнделікті гигиенасы үшін қолданылады.

Шырышты шығару, бөліністерді азайту, қабыршықтарды жұмсарту мен шығаруға, мұрын қуысы шырышты қабығын ылғалдау үшін қолдануға арналған.

Мұрын мен мұрын-жұтқыншақ шырышты қабығына жағымды әсер етеді, мұрын бітелуінің азаюына және мұрынмен тыныс алудың қалпына келуіне ықпал етеді.

Мұрын қуысын шаю үшін балаларға арналған «Аквалор® беби» заты мен мұрын қуысын шайғаннан кейін мұрын қуысының шырышты қабығына жағылатын дәрілердің емдік тиімділігі жоғарылайды, респираторлық аурулардың ұзақтығы қысқарады, инфекцияның мұрын маңы қойнаулары мен құлақ қуысына таралу қаупі төмендейді.

Қолдану шарттары: жекелей және медициналық мекемелер жағдайында қолдану үшін.

Қолданылуы:

- Мұрын қуысының, мұрын маңы қойнауларының және мұрын-жұтқыншақтың жедел және созылмалы (инфекциялық, аллергиялық, атрофиялық) қабыну ауруларын:
 - жедел және созылмалы риниттің (тұмауратудың)
 - жедел және созылмалы синуситтердің (соның ішінде гаймориттің)
 - жедел және созылмалы аденоидиттердің
 - аллергиялық және вазомоторлы риниттердің
 - субатрофиялық риниттердің (шырышты қабық құрғауының)
 - алдын алу және кешенді емдеуде
- Респираторлық инфекциялардың (ЖРВИ және т.б.) алдын алу және кешенді емдеуде
- Мұрын қуысы және мұрын-жұтқыншақтың күнделікті гигиенасында
- Мұрын қуысы мен мұрын маңы қойнауларына хирургиялық араласудан кейінгі жағдайда

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Тамшылатқыш құтының ішіндегі компоненттеріне жекелей көтере алмаушылық

Қолдану тәсілі

Медициналық бұйымды пайдаланар алдында тамшылатқыш құтының ұштығын этил спиртінің ерітіндісімен өңдеу керек.

Әрбір мұрын жолына күніне 4 рет 2 тамшыдан, қажет болғанда одан жиірек тамызу керек.

Гигиена мақсатында, сондай-ақ жедел, созылмалы инфекциялық және қабыну аурулары кезінде жай-күйді жеңілдету үшін әрбір мұрын жолына күніне 2-3 рет 1-2 тамшыдан тамызады.

Затының қолдану ұзақтығы мен жиілігі шектелмеген.

Қаптамасы

Пластик қақпақшамен тығыз тұмшаланып бұрандаланып жабылған пластикті тамшылатқыш-құты, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулығымен картон қорапшадағы.

Сақтау, тасымалдау мен пайдалану шарттары

Құрғақ және тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде, 5 °С-ден 25 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек.

Сақтау мерзімі

3 жыл. Құтыны ашқаннан кейін 45 күннің ішінде пайдалану керек.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды.

Тасымалдау шарттары

Көліктің осы түрінде қолданылатын тасымалдау ережесіне сәйкес жабық көлік құралдарының барлық түрімен 1 °С-ден 40 °С-ге дейінгі температурада тасымалданады.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші-ұйым

YS LAB, Le Forum, 2 rue Felix Le Dantec, QUIMPER 29000, Франция.

Бұл медициналық бұйымның сапасы мен Франциядағы YS LAB компаниясының өндірістік қуаттары сапаның барлық халықаралық стандарттары үшін жауап береді, бұл ISO 13485 сертификатымен және бұйымға сәйкестік декларациясымен расталған.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның атауы және мекенжайы

ҚР-дағы «Нижфарм» АҚ Өкілдігі

050043, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Хан-Тәңірі ы/а, 55б

тел.: (727) 2222-100

факс: (727) 398-64-95

e-mail: almaty@stada.kz